

ГТАХР 16.31

Ж. М. Дүйсебекова¹

¹Сулейман Демирел атындағы университет, Қаскелең, Қазақстан

АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Аңдатпа: Ауызекі сөйлеу – адамдар арасындағы коммуникативтік қатынастың басты әрі жиі көрінетін формасы. Осыған байланысты лингвистикада тіл-тілдің ауызекі сөйлеу ерекшеліктері арнайы зерттеу объектісі болып келеді. Қоғам мүшелерінің білім, мәдениет дәрежесінің өсуі, олардың қоғамдық өрісінің ұлғаюы, шығармашылық белсенділігінің артуы ауызекі сөйлеу тілінің ролін көтерді. Ауызекі сөйлеу тілінің жұмсалыу аясы да орасан кеңіді, тақырыбы кеңейіп, мазмұны да күрделенді. Сондықтан жұртшылықтың ауызекі сөзге қоятын талабы да өсті. Тіл білімі саласында ауызекі сөйлеу тіліне ден қою осы қоғамдық, әлеуметтік талапқа байланысты. Ауызекі сөйлеу тілін зерттеу оның коммуникативтік (пікір алысу) сипатын анықтап, фонетикалық, грамматикалық тәсілдерді қолдану, пайдалану ерекшеліктерін ашуды көздейді, мұның өзі қоғамдық коммуникацияны жетілдіру, мәдени дәрежесін өсіруге көмектеседі.

Кілт сөздер: ауызекі сөйлеу тілі, лексика-грамматикалық ерекшеліктер, прагматикалық фактор, тілдік жағдаят.

Тұрмыстық қарым-қатынаста ауызекі сөйлеу тілі қолданылатыны белгілі. Оның өзіне тән фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері бар. Ол тұрмыстың күнделікті қарым-қатынас тілі болса да, функционалдық стильдердің негізгі жүйесін құрайды. Ауызекі сөйлеу стилінің өзіне тән ерекшелігі алдын ала дайындықты қажет етпейтіндіктен, еркін қолданысқа түседі, сондықтан ауызекі сөйлеу тілімен тығыз байланысты жұмсалады. Ауызекі сөйлеу стилін Е.А.Заемская және т.б зерттеушілердің бірқатары ауызекі сөйлеу стилі ерекше тіл деп санайды [1; 7 б.]. Ал басқа ғалымдар тобы, мысалы, О.А. Лаптева ауызекі сөйлеу стилінің жалпы ерекшеліктері функционалдық стильдердің ауызша түрінің бәрінде ұшырасатындығын айтады [2; 7 б.].

Қазақ ғалымдарының ішінде Р.Сыздықова ауызекі әдеби тіл, ауызша әдеби тіл деп екіге бөледі. Ауызекі әдеби тілге қазіргі функционалдық стильдердің ресми, ғылыми, публицистикалық стильдердің ауызша формасын жатқызуға болады, себебі, ауызекі әдеби тілге Р.Сыздықова былайша анықтама береді: “Ұлттық әдеби тілдің жазу өнері шыққанға дейінгі үлгісі, сөз өнері хатқа түспей тұрған ерте дәуірдегі қазақ елінің қоғамдық-әлеуметтік реттеу үшін тұтынылған бейнелі, асқақ стильге құрылған сөз саптау үлгісі” [3; 10 б.]. Олай болса, ұлттық әдеби тілдің жазбаша түрі шыққанға дейін дамыған түрі бүгінгі

ауызекі сөйлеу стилінің негізі болып табылады.

Ауызекі сөйлеу тілінде объекті – адресант және қабылдаушы, адресат. Адресат пен адресант прагматикалық факторға жатады, ерекше стиль түзуші тәсіл болғандықтан прагматикалық орталық категориясына кіреді. Ауызекі сөйлеу тілінде адресант стилистикалық мүмкіндіктерді адресатқа ықпал етіп жеткізу үшін жаңа білім қорын игеру қажет, ол стильдік фон деп аталады.

Ауызекі сөйлеу тілінде прагматикалық фактордың қатарына жататын тыңдаушыға айырықша көңіл аударуды қажет етеді. Мысалы, айтушы *ыстық* десе, тыңдаушы *шөлдедің бе* деп, айтушының айтқысы келген сөзін айтып бере алады. Ауызекі сөйлеу тіліндегі прагматикалық фактор деректі ситуацияны білдірмейді, бірақ коммуникативтік актінің маңызды бөлігі болып саналатын тілдік емес ситацияны өзара

әрекеттестік үстінде толық есепке алып отырады. Олай болса, ауызекі сөйлеу стилі ерекше стиль түріне жатады.

Ауызекі сөйлеу тілінде стилистикалық бейнелі лексика жиі қолданысқа түседі. Бейнелі лексика номинативті мағынасынан коннотативті мағынаға ауысуы тек қана эмоционалды-экспрессивтік тудыру соған қажетті тілдік бірлік ретінде алынбайды, экстралингвистикалық факторлармен қоса стиль жасайтын мәнерлі форма тудыратын қызметіне, тәсіліне де байланысты болып келеді. Қарым-қатынас ортасы, оның тақырыптық өзегі, жанрлары, сөйлеудің мазмұны мен мақсаты, сөйлеуші мен қабылдаушының өзара қарым-қатынасы, сөйлеушінің құбылыс пен затқа көзқарасы, пікірі т.б. тілдік қатынасына да байланысты.

Ауызекі сөйлеу тілі негізгі тілдің қызметімен қарым-қатынас функциясын атқарады, тікелей хабар берудің айрықша формасын құрайды. Ауызекі сөйлеу тілінің тілдік белгілері оның қызметінің ерекше шартын анықтайды. Олардың бастылары мыналар:

- бейресмилік;
- сөйлеу еркінділігі;
- сөйлеу қарым-қатынасының экспрессивтілігі;
- тілдік тәсілдерді сұрыптаудың қажетсіздігі;
- сөйлеудің автоматтығы;
- сөйлеудің мазмұны: диалогтық форма мен қарапайымдылық.

Ауызекі сөйлеу тіліне ерекше ықпал ететін - жағдаят, сөйлеудің заттық психологиялық жағдайы. Ситуация сөйлеудің шегін қысқартып отырады. Сөйлемнің кейбір компоненттері қатыса алмайды, бірақ сөйлеушілердің коммуникативтік жағдай ондағы сөйлеу фразасын дұрыс қабылдауға еш кедергі жасамайды. Мысалы, Астанаға екі билет, бір адамға екі орын, бір кісілік т.б. (ауызекі сөйлеу тілінің материалдарынан).

Ауызекі сөйлеу тілінің күнделікті қарым-қатынасында сөйлеу сипатының экспрессивтілігі тікелей ассоциативтік деректі ойлау

қабілетінен туындайды, сондықтан ауызекі сөйлеу стилі стилистикалық коннотацияның ерекше формасын беріп отырады. Ауызекі сөйлеу тіліне тән стильдік белгілер оның композициялық жанрының түрлерімен қатар стилистикалық мүмкіндіктері мына мәселелерге тікелей қатысты болып келеді: сөйлеудің еркінділігі, бейресмилік, сенімділік, дауыс тоны оның астарындағы ашық және жасырын прагматикалық бағдар кітаби стильге қарағанда, стилистикалық мүмкіндіктердің ерекше тобын құрайды.

Ауызекі сөйлеу тілінде ерекше реңк атқаратын сөйлеудің дыбыстық жағы. Ауызекі сөйлеу тілінде фониканың рөлі ерекше болады: дағды әрекеті, орфоэпиялық норманы бұзу, керісінше орфоэпиялық норманы сақтау, орфоэпиялық норманы безендіру немесе әсем дыбыстау т.б.

Ауызекі сөйлеу тілінің лексикасы эмоционалды-экспрессивті сөздердің қатарын құрайтындығы М.Серғалиев еңбектерінде қарастырылып жүр [4]. Оккозионал сөздер, фамильярлық еркелету, ирониялық жиі ұшырасады. Ауызекі сөйлеу тілінде хабарлаудағы ең маңызды сөз бірінші орынға қойылып айтылады: *Компьютер алдым, ақша керек, ақша ең бәлесі ақша болып тұр, ең сұмдығын айтпайын*, немесе *Сіз домбырада тамаша ойнадыңыз* деген сөйлем ғажап, өте тамаша деген формада беріледі.

Ауызекі сөйлеу тілінде тілдік тәсілдерді үнемдеу заңы үстемдік етеді. Сондықтан сөз-сөйлем ретінде қолданылады: *келдім, жарайды, ат, жақсы, әрине, мүмкін, келіс* т.б.

Ауызекі сөйлеу тілі функционалдық стильдердің ішінде өзіне тән фонетика, лексика, грамматикасы бар күрделі әрі әмбебеп стиль түрі болып саналады.

Ауызекі сөйлеу тілі лексикасында сөйлеушілердің ең басты көп қолданатыны – эмоционалды-экспрессивті лексика. Б.Қалиев: “Күнделікті ауызекі тілде, көркем әдебиет тілінде де сөйлеу тіліне тән сөздер мен қарапайым сөздер тобы жиі ұшырасады. Олар тілде экспрессивтік стильдік қызмет атқарады”- дейді.

Ауызекі сөйлеу тілінде сөздік қордың барлық саласы түгел қатысады, фразеологизмдер де, метафора да ұшырасады. Шошақай үйде тұрмас; қаңғыбас қайда қаңғып жүр; ақымақ, өзі кінәлі; көк мылжынды көргім келмейді; көз сорасын ағызып отыр; еңірегінде етегі толады; көрсем көзім шықсын; қалтасы қалың; несіне бұрқылдай береді; аш өзегіне түсуге айналды; қалтасы тесік; қалтасы көріну; қалтасы жұқа; жүйкесі жұқарып жүру; жүйкесі тозу; жүйке тамыры солқылдау; зықысы шықты; еті тірі; қойдан жуас; өлермен екен; өзіне-өзі істеп жүр; амал жоқ; қайтсем екен; барсам ба екен (ауызекі тілден жиналған материалдардан).

Р. Сыздық ауызша функционалды стиль деп әдеби тілдің құзырындағы құбылыс, яғни ол әдеби тілдің ауызша жұмсау түрі, айталық, көпшілік алдында ауызша ұсынылатын сөздерді айтады. Осы пікірлерді жинақтай келіп, ауызекі сөйлеу стилі басқа стильдердің

ауызша түрінің де стильдік қызметіне ортақ деп тануға болады.

Ауызекі сөйлеу тілінде сөздердің қолдану ерекшелігі жағымды, жағымсыз эмоцияға тікелей қатысты. Сөйлеуші әр уақытта өзі баяндаған құбылыс пен затқа өзінің әр түрлі көзқарасын, ниет-пиғылын, ойын, көңіл-күй сезімдерін айтатындықтан қарама-қарсы көңіл күй сөздері қолданылып, олардың қолдану үлес салмағы молынан ұшырасып отырады.

Ауызекі сөйлеу тілінің әдеби тіл формасына қайшы келетін тұстары жоқ емес. Мысалы, бір ғана *жаңағы* деген сөзді алайық, бұл сөз көп айтылатындықтан жауыр болған әрі көп адамдар өз ойын толық жеткізе алмаған уақытта жиі қолданылатын сөзі, мысалы, әр жерден ауызекі сөйлеуде жиналған мәліметтер бойынша орфоэпиялық қатемен айтылатын тұстары кездесіп қалады: *жаңағы, жәнағы, жаңанеке, жаңегы, жанегы, жаңғы, жаңақы, жәнегі* т.б.

Ауызекі сөйлеу тілінде кейбір грамматикалық тұлғаларының стильдік қатемен айтылатыны оқта-текте ұшырасып отырады. *Кешкісін, кештетіп, кешкілік, кешкісін жолығармын, кештетіп келермін, кешкілік жолығармын* немесе *таң азанмен жолығармын, таң атысымен, таңертеңгісін, таңертеңгілік* деген сияқты грамматикалық тұлғалардың әдеби тілдік нормадан ауытқыған түрлерін кездестіруге болады.

Ауызекі сөйлеу тілінде қайталаулар да молынан ұшырасады. Қайталаулар – көркем әдебиет стилінде суреткердің стильдік ерекшелігі ретінде танылатын стилистикалық тәсіл, ауызекі сөйлеу тілінде мәнерлілік қасиеті айтылған ойға паралельдік қатар түзу үшін пайдаланылады.

Қазір бәрі өзгерді, өмір өзгерді, заман өзгерді, мода өзгерді, адам да өзгерді, ниеті де өзгерді, пиғылы да өзгерді немесе *заман жақсарды, өмір жақсарды, бәрі де жақсарды* деген сөйлемдердегі бірінші қайталау *өзгерді* сөзін сөйлеуші бірнеше рет қайталап айтады, сол арқылы көлемді құбылыстың сырын баян етеді, ал екінші сөйлемде қайталау болып тұрған сөз *жақсарды*, ол бар-жоғы екі-ақ рет қайталанып тұрғанмен, заман мен өмірге ортақ зат-құбылыстың жақсарғанын көрсету үшін қолданылып тұр.

Ауызекі сөйлеу тілінің өзіне тән сөйлеу мәдениеті болады. Сөйлеу мәдениеті деп жалпы сөйлеушінің жалпы адами мәдениеттілік және тіл мәдениетін жетік меңгеруде қол жеткен табыстарын айтуға болады. Адамның жалпы кісілік мәдениеті, ой-өрісі, эрудициясы, ақыл парасаты, киімі, жан-дүниесімен сөзді, сөйлемді мәдениетті түрде яғни мәдениетті тілмен жеткізуі болып табылады. Тіл мәдениеті сөз дұрыстығы, сөз дәлдігі, сөзді көркем, әсерлі, әсем етіп жеткізу ұстанымдары, яғни коммуникативтілік қажеттілік пен эстетикалық бағдар ауызекі сөйлеу стилінің прагматикасын қамтиды.

Ауызекі сөйлеу тілі тілдің лексикалық-семантикалық

құрылысында еркіндікпен қолданылатын сөздер тобы, сөз тіркестері басым болып келеді. Сондықтан бір ғана *амандасу* сөзінің өзі әр түрлі орфоэпиялық немесе орфографиялық жақтан әр түрлі вариантпен жарыса қолданылады. Бұл ежелгі ауызша әдеби тілдің үлгісі, көркем үлгісі болып саналатын қазақтың кара өлеңдерінде көптеп ұшырасады. Қазақтың кара өлеңінде амандасудың өзі сан түрлі қолданыста айтылғанын көруге болады. *Аманбысың, қалқатай, көрмесем де жүрмісің аман-есен бұраң белім, жүрмісің аман-есен, сау-саламат. Аман-саударсыздар ма, азғаларым, әріптес, алдыменен аманбысың? Жүрмісің аман-есен жайың қалай? Барсың ба аман-есен қарашығым! Аман ба, құрдас, сырлас құрбыларың? Аман-сау ма саңлақтары? Еліңнің есен-сау ма батырлары. Әріптес мал-жаныңыз тегіс аман, Халайық ел-жұртыңыз есен-сау ма? Сен аман болсаң болды азғатайым. Барсың ба, өзің аман, асыл затым? Аман-есен жүрсің бе сау-саламат* т.б. Қазіргі амандасудың түрі *сәлеметсіз бе*, әр түрлі орфоэпиялық нормадан ауытқыған: *сәлематсыз ба, сәләмәтсіз бе, саламатсыз бе, сәлеметсіз ба* т.б. түрлері ауызекі сөйлеу стилінде көптеп айтылып жатады. Амандасудың *сәлеметсіз бе* деп айтылу мәнерінде дауыс тонына қарай әр түрлі мағыналық мән аңғарылады. *Сәлеметсіз бе?* дауыс тонының айтылу мәнеріне қарай әр түрлі көңілді, сезім-күйді аңғартады, бірде асқақ көңілдің шабытымен айтылады, бірде менменсінген көкіректікті білдіреді, сынау мәні де, қуанышты үнмен, бірде жарқын, шырайлы көңілмен айтылуы аңғарылса, бірде салқын көңілдің ажары, бірде ілтипатты көңілдің шынайы ниетін танытатын стильдік мәнер де айтылады.

Ауызекі сөйлеу тілінің фонетикалық-интонациялық ерекшеліктері адресат пен адресанттың арасында үлкен коммуникативтік-этикалық қызмет атқаратын эмоционалды-экспрессивті тәсіл болып саналады. Ауызекі сөйлеу тіліндегі сөйлемдерде дауыс тоны, дауыс күші, дауыс жылдамдығының әр түрлі қызметінің арқасында стильдік ерекшелігі айқындалып тұрады. Ауызекі сөйлеу тілінде эмоционалды-экспрессивті білдірудің ең көркем амалының бірі –интонация. Зерттеушілер эмоционалды сипаттың ең озық үлгілері (тіпті сөзбен айтып білдіре алмайтын түрлері) интонация арқылы жеткізілетінін айтады.

Ауызекі сөйлеу тілінде дауыс ырғағы, дауыс тонының айтылу мәнерінен бір ғана сөздің өзінің астарында алуан түрлі прагматикалық-стилистикалық мағына жатқанын көруге болады. Бұл ерекшелік ауызекі сөйлеу стилінің еншісіне ғана тиетін қасиет болып саналады. Мысалы: *әдемісін-ай* – сұлулықты паш ету мағынасында; *өткірін-ай* – оның мінезіне сүйсіну үшін айтылады; *әттеген-ай* - өкіну мағынасын білдіреді; *шіркін-ай* – аңсау немесе дауыс тонына қарай кейде кекету мағынасына қарай айтылады; *күлкісін-ай* – сүйсіну; *сұлуын-ай* – дауыс тонына қарай сүйсіну, таң қалу, тамсану, қызығу, құмарту; *толассыз жсауын-ай* – реніш пен кейісті аңғартады; *жазуын-ай* – ұнатпау, жақтырмауды

білдіреді. Ерекшелік тек оқшау сөздерде ғана емес, кез келген тілдік бірліктерде дауыс тонын дұрыс қою арқылы сөздің прагматикалық-стилистикалық қызметін жан-жақты тереңдетіп сөздің айтылу мәнеріндегі эстетикалық өріс кеңейтеді. Мысалы: *өткір* сөзін алайық. *Өмір, өшір* деп қайталап айтылғанда өмірдің бар тауқыметін түсіну, соны бағалау, түйіндеу, саралау тіпті соған мойынсұну, кейде шарасыздық мағынасын танытса, сол арқылы адресатты белгілі мақсатқа шақырады, *өмір, еһ өмір, аһ өмір* деген тіркестерді айтқанда дауыс тонына қарай *әттең өмір*

өкінішін толық сезіну, өкіну, бармағын тістеу, өмірден жіберген қателіктерін түсіну сияқты мағыналық реңкін білдіреді, *өмірде не болмайды* көндігуі *өмірге өкініші жоқ* – ризалық, тоқмейісу таныту мақсатында айтылады; *өмір көрсетеді* - тағдырына сену, өз тағдырын уақыт еншісіне тапсыру мағынасымен айтылады, *өмір алда* – үміттену, үмітін жоғалтпау мағынасын береді. Ауызекі сөйлеу тілінің дауыс тонының жылдамдығы, созылыңқылығы, үнділігі де айрықша бояу алады да тыңдаушыны стилистикалық әсерге бөлейді.

Ауызекі сөйлеу тілінің бір-біріне ұқсамайтын дауыс тоны, дауыс ырғағы болса, көркем әдебиет стилінде осы қызметті автор өзі пайымдауы арқылы жеткізеді: *Қойшы, жаным. Жүрегіңді балталасаң да өшпейтін сөз* (Ш.Мұртаза). Бұл келтірілген мысалдағы автордың *жүрегіңді балталасаң да өшпейтін сөз* деп автор пайымдау береді, кейіпкер тіліндегі қойшы, жаным сөздің айтылу стилі мәнері бойынша *келші, жаным!* Деген жасырын мағынасын беріп тұрғанын автор *жүрегіңді балталасаң да өшпейтін сөз* деген пайымдау арқылы түйіндейді.

Ауызекі сөйлеу тілінде грамматикалық құрылымдардың экспрессивтілік не стилистикалық қызметі жазба стильдермен салыстығанда елеулі өзгерістері мен өзіндік айрмашылықтары бар. Ауызекі сөйлеу стилистикалық ерекшеліктері жазба әдеби тіл нормасынан өзгеше стильге құрылады. Мысалы жалғаулық шылаулар сирек қолданылады. Оның орнын интонация немесе басқа грамматикалық тұлғалармен қолдану жиі ұшырасады. Ауызекі сөйлеу тілі синтаксисінің экспрессивтік және стилистикалық ерекшеліктерінің қызметі сан алуан. Синтаксис саласынан бұл ерекшелік айқын байқалады. Ауызекі сөйлеу тілінде клише сөздер көп қолданылады. Адамдардың көпшілігі дайын формулалардың, клишелердің, сөйлеу стереотипінің көмегімен сөйлейді және жаза алады. Клише ауызекі сөйлеу тіліне ғана тән емес, сондай-ақ әскери, ғылыми публицистикалық стильдерге де тән. Ауызекі сөйлеу тілінде белгілі әлеуметтік топтардың арасында қолданылатын жаргон сөздер сөздер көп қолданылады. Студенттердің жаргон сөздері: ***танкісі бар, балмұздақ, балқаймақ, крышасы бар***. Ұрылардың жаргондары: ***хирург, доцент, шапка***.

Ауызекі сөйлеу тілінде дөрекі сөздер қарапайым, жергілікті сөздер

мен диалект сөздер жиі ұшырасады. Бөгде тілдік элементтер орыс тілінен енген сөздер, табу мен эвфемизмдер жиі қолданылады. Ал табу мен эвфемизмдер ауызекі сөйлеу тілінің сөздік қорынан орын алады. «Табу мен эвфемизмдер – сөздік құрамның лексикалық және семантикалық жағынан баюдың бір жолы». Ә.Болғанбаев эвфемизмдері синоним тудыратын тілдік қатарына жатқызады [5]. Ал «табу мен эвфемизмдерді қолдану ауызекі сөйлеу тіліне тән ерекшелік болып табылатындығын көруге болады» дейді Ә.Ахметов [6; 117 б.]. Ауызекі сөйлеу тілі қоғамдық ортаның барлық саласында қолданылады. Екі адамның қарым-қатынас әңгімесінде, телеэкранда жүргізушінің сөзі, кейіпкер сөзі, радиода кез келген қоғамдық-әлеуметтік топ өкілі, дүкенде сатушы мен сатып алушы, көлікте жолаушы, сотта айыптаушы мен айыпталушы, қорғаушы мен куәгер, ғылыми ортада ғалым мен студент, ауруханада дәрігер мен науқас осының бәрі ауызекі сөйлеу тілі болып табылады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Земская Е.А., Китайгородская М.В., Ширяев Е.Н. Русская разговорная речь: Общие вопросы словообразовная. Синтаксис / Е.А. Земская, М.В. Китайгородская, Е.Н Ширяев.– М.: Наука, 1981. – 276 с.
- 2 Лаптева О.А. Устная разговорная речь / О.А. Лаптева. – М.: Наука, 1983. – 136 с.
- 3 Сыздықова Р. Ауызша әдеби тіл / Р. Сыздықова. – Алматы: Атамұра, 1995. – 154 б.
- 4 Серғалиев М.С., Нургожина Ш.И. Эмоционально-экспрессивная лексика казахского разговорного языка / М.С. Серғалиев, Ш.И. Нургожина Ш.И. – Алматы: ПКО «Казснабобразования», 1995. – 131 с.
- 5 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы / Ә. Болғанбаев. – Алматы: Мектеп, 1985. – 125 б.
- 6 Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер / Ә. Ахметов. – Алматы: Ғылым, 1995. – 176 б.

Дүйсебекова Ж. М.¹

¹Университет Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан

ОБЩЕЕ ОПИСАНИЕ РАЗГОВОРНОЙ РЕЧИ

Аннотация: Исследование казахского языка в коммуникативном направлении, который является основным средством образования и воспитания молодого поколения в новаторском духе, участвующий в определении места Республики Казахстан на мировой арене и формировании цивилизации XXI века, в сохранении языка, менталитета и религии является одной из актуальных проблем. Определение принципов и основных особенностей лингвистики в устной речи с коммуникативной

точки зрения, обоснование лингво-стилистического характера устной речи с научной стороны актуальны в период расширения функции и повышения государственного статуса языка. Основная проблема, стоящая перед лингвистами в настоящее время, расширение области использования устной речи, соответствие речевого акта коммуникантов стандарту. Поэтому актуальность данной исследовательской работы заключена в определении коммуникационных особенностей устной речи, раскрытии лингвистических и экстралингвистических сторон языковых единиц, таких как слово, словосочетание, предложение и текст, анализ факторов, участвующих в речевом акте.

Ключевые слова: устная разговорная речь, лексико-грамматические особенности, прагматический фактор, языковая ситуация.

Duisebekova Z. M.¹

¹*Suleyman Demirel University, Kazakhstan, Kaskelen*

GENERAL DESCRIPTION OF SPEAKING

Abstract: Kazakh language study in communicative direction, which is the main tool of the young generation of education and training in the spirit of innovation, participating in defining the place of the Republic of Kazakhstan on the world stage and the formation of the civilization of the XXI century, in the preservation of language and mentality, religion and the spirit is one of the most pressing problems. The definition of the principles and main features of the communicative linguistics in speech communication from the point of view, the rationale of linguistic and stylistic speech scientifically relevant parties in a period of expansion and improvement of function of the state language status. The main problem facing the center of attention of linguists at the moment, when the expanded field of use of speech, matching the speech act communicants standard. Therefore, the relevance of the forthcoming research work constitute the definition of the communication features of speech, раскрытие лингвистическую и экстра-лингвистическую стороны языковых единиц, таких как слово, фраза, предложение, и текст анализ факторов, участвующих в речевом акте.

Key words: oral spoken language, lexical and grammatical features, pragmatic factor, the linguistic situation.